



Газет
1961 жылдың 28 қыркүйегінен
бастап шығады

Ұлттық ұлан айнасы

Qalqan

Ultyq ulan @ ultyq_ulan_resmi ultyq_ulan qr_iim_uu

№ 28 (3502)
09 қазан
2025 ЖЫЛ



Президент

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ XII САММИТІ



Саммитке қатысқан Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

– Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаңадық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетіретер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

– Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жиналдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

– Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге

қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі – ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

– Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

– Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымыз беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

– Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуро-

па арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам Транс-Қазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптан-дыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсенді атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

– Жасанды интеллектті жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу орда-сында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

Сонымен қатар Президент қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

– Бұл – экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі – осы саладағы жемісті

ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайтып келе жатқанын тілге тиек етті.

– Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің негізі болып қала бергеніне ешқандай шүбһе жоқ. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

– Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзадениң «Түркінің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, – деді ол.

Мемлекет басшысы Ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

Бүгінгі санда:



**ДРОНДАР ЖАРЫСЫНДА
ТОП ЖАРДЫ**

РЕСМИ БЕТ

2-бет



**ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНА
ӘСКЕРИ ЖАСАҚТЫҢ ӘСЕРІ
ҚАНДАЙ?**

ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

3-бет



**ПОГОНДАҒЫ ӨМІР:
АРМАННАН МАҚСАТҚА
АПАР ЖОЛ**

КОМАНДИР МІНБЕРІ

5-бет



**ОТВЕТСТВЕННОСТЬ
И КОНТРОЛЬ**

ЛЕТОПИСЬ РЕДАКЦИЙ

7-стр.



**АҒА САРБАЗДАР
ИНСТИТУТЫ**

КАЛЕЙДОСКОП

8-бет



Құрмет

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Ағымдағы жылдың 23 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5451 әскери бөлімінде маңызды шара – отставкадағы генерал-майор Ерсайын Рүстемхановтың 70 жасқа толуына орай ұйымдастырылған салтанатты кеш өтті. Бұл күн елеулі күндердің бірі ретінде есте қалды. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шараға ардагердің отбасы мүшелері, ұлдары, өмірлік серіктері, достары, ұзақ жылдар бойы бірге қызмет атқарған әріптестері, сондай-ақ 5451 әскери бөлімінің жеке құрамы мен Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының басшылық құрамы қатысты.

Бұл тек мерейтой ғана емес, Отанға адал қызмет еткен, бірнеше буын офицерлерге үлгі болған қайраткер тұлғаның өмір жолына шолу жасап, өнегелі жолын ұлықтау кеші болды.

Салтанатты шара басталған сәттен-ақ ерекше атмосфера сезілді. Әскери тәртіпке сай бөлімнің жеке құрамы мен кеш қонақтары ардагерді қошеметпен қарсы алды. Әскери оркестр орындаған салтанатты марш кештің салмағын арттырып, жиналған жұртшылықтың көңіл-күйін көтерді, десек артық айтпағанымыз.

Кеш барысында ардагердің әскери өмірі мен жетістіктері жайлы арнайы дайындалған бейнефильм көрсетіліп, онда оның қызмет жолындағы елеулі сәттер, әскери іс-қимылдардағы табыстары мен қарапайым сарбазға дейін көрсеткен жанашырлығы жан-жақты қамтылды.

Жиналған қауым алдында «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сакентай

Шекарбеков алғашқы сөз алып, Ерсайын Шамғоңұлының еліміздің әскери жүйесіндегі рөліне, оның жеке үлесіне, адамгершілік болмысына тоқталып өтті.

– Біз осы кеште тәлімгер, әділ, парасатты ардагерімізді ұлықтап отырғанымызға шексіз қуаныштымыз. Ерсайын Шамғоңұлының өмір жолы Ұлттық ұлан тарихында ерекше орын алатын өнеге, – деді генерал-майор Сакентай Шекарбеков.

Ол Ерсайын Шамғоңұлының тек білікті қолбасшы ғана емес, сонымен бірге қарамағындағы жас офицерлерге бағыт-бағдар берген талапшыл ұстаз болғанын ерекше атап өтті.

Бүгінгі таңда ардагер-генерал қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас сарбаздар мен офицерлердің тәрбиесіне өз үлесін қосуда. Ол «Орталық» өңірлік қолбасшылығы Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде әскери-патриоттық жұмысты жоғары деңгейде атқаруда. Сондай-ақ ардагер-

лер ұйымына мүше зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын назардан тыс қалдырған емес. Сондықтан «Орталық» өңірлік қолбасшылығы Ардагерлер кеңесі Ұлттық ұландағы алдыңғы қатарлы қоғамдық ұйым екенін атап өткеніміз жөн.

Кеш барысында Астанадан арнайы ат басын тіреген Ұлттық ұлан Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары отставкадағы полковник Мұрат Жантеміров пен Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы Ардагерлер кеңесінің төрағасы отставкадағы полковник Григорий Григорьянц Ерсайын Шамғоңұлын әскердің барлық ардагерлері атынан құттықтап, бағалы сыйлықтар табыстады. Ал, әскердің төл басылымы «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының бұрынғы редакторы, отставкадағы полковник Қуаныш Қожахметов ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Аңсаған Балтабақовтың мерейтой иесіне арнаған құттықтау сөзін оқып берді. Сондай-ақ ол республикалық және ведомстволық басылымдарда жарық көрген ардагердің өмір жолы туралы мақалалар мен сұхбаттар жинағын табыс етті.

Сонымен қатар салтанатты шара барысында Орталық өңірдің әскери прокуроры, әділет полковнигі Данияр Жұмаділов пен басқа да қонақтар сөз алып, өз естеліктерімен бөлісті.



Әскери прокурор Данияр Жұмаділов генералдың жас сарбаздарды тәрбиелеудегі жұмысын ерекше атап өтіп, прокуратураның атынан алғысын білдірді. Генерал-майор Ерсайын Шамғоңұлының әріптестері бірге қызмет атқарған жылдарын сағынышпен еске алып, оның талапшыл әрі әділ басшы, адал дос, ар-намысты жоғары қойған азамат екенін тебірене тілге тиек етті.

Генерал-майор Ерсайын Рүстемханов – еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында тынымсыз еңбек еткен, бүкіл ғұмырын ел қорғанына арнаған көрнекті тұлға. Әскери мансабын қарапайым

офицерден бастаған ол жылдар өте генерал-майор шеніне дейін көтерілді. Бұл – кездейсоқтық емес, бұл – жанқиярлықпен атқарылған адал еңбектің, жауапкершіліктің, кәсіби біліктіліктің жемісі.

Ол көптеген әскери бөлімдерде басшылық қызметтер атқарып, талай жас офицердің кәсіби маман болып қалыптасуына, сарбаздардың әскери тәрбиесіне ықпал етті. Әскери бөлімдерде тәртіп орнату, кадр дайындау, жауынгерлік қабілетті арттыру – оның басты міндеттерінің бірі болды. Ол басқарған әскери бөлімдер мен құрылымдар әрдайым үздіктер қатарынан көрініп,

жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Ардагердің қызмет жолында алған марапаттары мен атақтары – оның еңбегінің жарқын дәлелі. Оның есімі тек әскери ортада ғана емес, ел ішінде де зор құрметке ие.

Кеш соңында мерейтой иесі сөз алып, Ұлттық ұлан қолбасшылығы мен өңірлік қолбасшылықтың басшылық құрамына алғысын білдірді.

Салтанатты шара 5451 әскери бөлімінің жеке құрамы дайындаған концертке ұласты. Ерсайын Шамғоңұлының өнегелі жолы мен еңбегі – жас буын үшін өнеге.

Технология

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕЛЕРІН ЕНГІЗДІ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын ескере отырып, автоматтандыру басқармасының мамандары LLM-KAZ отандық тілдік моделі (қазақ тілі орыс тілі, орыс тілі қазақ тілі) негізінде машиналық аударманың зияткерлік жүйесін енгізді.


Сонымен қатар, «AlemCloud» суперкомпьютерінің есептеу ресурстарын пайдаланатын және құрамында «NitecAI» қызметіне қосылу мүмкіндіктері орындалды. Осылайша Ұлттық ұланның ресми порталында мәтіндерді сапалы аударуға арналған «Аудармашы» моделі іске қосылды. Нормативтік-құқықтық актілерді (НҚА) талдауға арналған «Qazaq Law» моделі де жұмыс істейді.

ChatGPT аналогтарына айналған «DeepSeek», «Gemma», «Llama» және «Gemma Full

Model» үлгілері мәтінді өңдеудің, ақпаратты генерациялаудың және талдаудың кеңейтілген міндеттеріне арналған.

Осы функционалды енгізу құжат айналымының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Ұлттық ұлан қызметінде жасанды интеллекттің заманауи технологияларын қолданудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сервис деректері Ұлттық ұлан порталында «ЖИ сервистері» бөлімінде жарияланды.



Жеңімпаз

ДРОНДАР ЖАРЫСЫНДА ТОП ЖАРДЫ



Астана қаласында ҚР Мемлекеттік құзет қызметінің ұйымдастыруымен күш құрылымдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері арасында FPV-дрондарды пилоттау бойынша жарыс өтті.

Жарысқа төрт жаттығу бойынша 14 команда қатысты. Ұлттық ұлан Академиясының әскери қызметшілері «Ұшқышсыз ұшу аппаратынан граната лақтыру» жаттығуында үздік нәтижеге қол жеткізіп, I-орынға ие болды. Жарыс қорытындысы бойынша тактика және жалпы әскери пәндер кафедрасының ұшқышсыз ұшу аппараттары циклінің оқу зертханасының

бастығы Мұхаммед Ахашов, 3 оқу батальоны 5 оқу ротасының курсанты Исмаил Мусин медальмен және грамотамен марапатталды. Бұл жеңіс Ұлттық ұлан академиясының әскери қызметшілерінің кәсіби даярлығының жоғары деңгейін, заманауи технологияларды меңгерудегі шеберлігін көрсетті.

– Бұл жарыс біз үшін тек сайыс емес, өз кәсіби біліктілігімізді, тәжірибемізді және заманауи технологияларды меңгеру деңгейімізді дәлелдеудің үлкен мүмкіндігі болды. FPV-дрондар – бүгінгі күні тактикалық және әскери дайындықтың маңызды бөлігі. Біз курстантарымызды осы бағытта те-

рең дайындықтан өткізіп, оларды нақты жағдайда қолдануға үйретіп келеміз.

Бұл жеңіс – бүкіл Академия ұжымының еңбегінің нәтижесі. Бізге сенім артқан басшылыққа және әрдайым қолдау көрсетіп жүрген әріптестерімізге алғыс айтамыз. Алдағы уақытта да заманауи әскери технологияларды жетік меңгеріп, Ұлттық ұлан беделін арттыру жолында аянбай еңбек етеміз, – деді тактика және жалпы әскери пәндер кафедрасының ұшқышсыз ұшу аппараттары циклінің оқу зертханасының бастығы, аға лейтенант Ахашов Мұхаммед.

Ашық есік күні

АСПАН ӘЛЕМІНЕ АШЫЛҒАН ЕСІК

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының елордалық елу өрені Ұлттық ұланның авиабазасына ерекше қонақ ретінде шақырылды. Бұл сапар жасөспірімдер үшін тек экскурсия емес, нағыз шабыт пен арманға толы күн болды.

Ұлттық ұлан авиабазасы аумағына кірген сәттен-ақ оларды алып ұшақтар мен тікұшақтардың гүлі қарсы алды. Жастар авиацияның тарихы, ұшқыштардың күнделікті қызметі және әскери техниканың заманауи мүмкіндіктері жайлы тың деректермен танысты. Әсіресе, У8 ұшағының қасында тұрып, экипаж мүшелерімен сөйлескен сәт – барлығының есінде қалды.

«Біртұтас ел – біртұтас жер» қағидасы аясында ұйымдастырылған бұл шараға

жасөспірімдерді «Жас сарбаз» қозғалысының елордадағы филиалының төрағасы Айдархан Маханбет бастап келді.

– Бүгінгі жастар – ел ертеңі. Сондықтан олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті күшейту, әскери қызметтің абыройын көрсету – біздің басты мақсатымыз, – деді ол.

Әуе кемелерін армансыз аралап, ерекше әсерге бөленген оқушылар таңдамыстарын жасырмады. Олар бұл сапарлардың қызыққа

толы болғанын айтты.

– Мен үшін бұл сапар ғажалқа толы болды. Әскери ұшақтарды бірінші рет жақыннан көрдім. Болашақта әскер қатарына қосылуды ойлайтындарға мұндай іс-шаралар үлкен шабыт береді. Бізге көрсеткен қамқорлықтары үшін алғыс айтамын, – дейді оқушы Диллара Тлеуқенова.

Айта кетейік, мұндай кездесулер жасөспірімдердің патриоттық рухын көтеріп, Отан қорғаушылар қызметіне деген құрметті арттыруға әсер етеді.

Бетті дайындаған Ұлттық ұланның баспасөз қызметі



Қауіпсіздік күзетінде

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНА ӘСКЕРИ ЖАСАҚТЫҢ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Ойлаңызшы, аулаңыз да, айнала да тап таза. Ешкім қоқыс шашпайды. Бей-берекет сөз сөйлеп, бей әдеп қылық танытатын да ешкім жоқ. Алаңсыз қоғамдық орында балаңызды ертіп, серуен құра аласыз. Ал осындай қоғамның қалыптасуы үшін мыңдаған адам атсалысатынын білесіз бе? Бүгінде еліміздің ішкі қауіпсіздігін сақтау мақсатында 21 қалада 7 мыңнан астам жауынгер күндіз-түні қызмет атқарады. Біз бүгін осындай міндет арқалаған ақтөбелік сарбаздардың қызмет барысындағы оқиғалары жайлы баяндаймыз.

Ақтөбеде орналасқан 6655 әскери бөлімінің сарбаздары қаланың қақ ортасындағы және қалтарыстарындағы қауіпсіздіктің қатаң сақталуын қадағалайды. Бұл үшін әскери бөлімнің жауынгерлері әскери жасаққа бөлініп, құқық бұзушылықтың болмауын басты назарға алады. Оларды көрген бөтен ойлы адам сескенеді, қобалжиды. Қайда тығыларын білмей, қалбалақтап қалатындар да болады. Бұл жайында бізге қала көшелерінде кезекшілік атқарып жүрген әскери жасақ жауынгерлері айтты берді.

«Ақтөбе қаласының қоғамдық орындары мен тұрғындары арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу немесе болдырмау біздің міндетіміз. Шаһар үлкен болғандықтан мұнда әртүрлі оқиғалар болады. Біз солардың басы-қасында жүреміз. Көбіне әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 440 және 441 бабы бойынша тәртіп бұзған адамдар анықталады. Яғни, қоғамдық орынға масаң күйде келу немесе белгіленбеген орында шылым шегу фактілері жиі ұшырасады. Жолдың тиым салынған тұсынан кесіп өту оқиғалары да кезігеді. Мұндай әрекетке барған жандарды полиция пунктіне жеткізіміз,

олар ескерту жасайды немесе хаттама толтырады. Егер қайталанса айыппұл төлейді. Ал біздің сөзімізге немқұрайды қараса, өзіміздің әскери топ бастығына не әскери жасақ кезекшісіне шығамыз. Солармен бірлесе отырып шара қолданамыз. Жағдай ушығатын болса полиция учаскесінің қызметкерлерімен бірлесе жұмыс атқаруға тура келеді», - деді әскери жасақ бастығы қатардағы Медет Дархан Орынбекұлы.

Қырағы жасақтың күнделікті қызметі қызықты әрі қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан олар мұның бәрине дайын жүреді.

«Өткенде қаладағы мектептердің бірінің жанында жасөспірімнің темекі шегіп тұрғанын байқадым. Тыйым салынған жерде темекі шеккендіктен оның жанына жақындап, өзімді таныстыра бастадым. Кенет ол сөмкесін алып, қаша жөнелді. Бірақ біз оның адымын аштырмадық. Тексере келе жасы он төртте екен білдік. Аты-жөнін де анықтадық. Сондай-ақ оның сөмкесінде қобырайып жатқан зат көзге шалынды. Ашып көрсетуін өтіндік. Күмәніміз орынсыз болмаған екен. Жас бала сөмкесіне 21 сантиметрлік пышақ салып алған. Біз бірден әскери жасақ кезекшісіне

шақырдық. Кейін бәріміз бірге полиция учаскесіне бардық. Нәтижесінде жасөспірімнің ата-анасын шақырып, оларға хаттама толтырылды», - деді ол.

Сарбаз сөзінің жаны бар. Мәселен, биылғы жарты жылдың өзінде ұландық әскери қызметшілер республика бойынша заңсыз айналымнан 173 қару-жарақ пен оқ-дәріні, 828 грамм есірткіні тәркілеген. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бұзған 9 919 азамат полицияға жеткізіліп, олардың 379-ы қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған. Осы статистикаға назар салсаңыз, сарбаздардың қаншалықты қырағы нәм батыл екенін аңғарар едіңіз. Бұл қасиеттер алдында тұрған жігіттердің жүзінен анық сезіледі. Тіпті, көз алдымызда көсіле сөйлеген сарбаздың сауатты сөз саптасы мен киім-киісі кісі сүйсінерлік екен. Алайда ол бүгінгі болмыс-бітімін қалыптастыруға әскери өмірдің әсер еткенін жасырмады.

«Өзім де мектепте оқып жүріп, түрлі құқықбұзушылықтарға куә болғанмын. Бірақ ол шақта мен заңды біле қоймайтын едім. Сондықтан айналамадағыларға адамгершілік тұрғыда ғана ескерту айтып жүрдім. Ал әскерге қабылданғаннан кейін қоғамда заң мен тәртіптің үстемдік құруына бір адамдай атсалысып келемін. Осы ретте әскердің маған үйреткені көп. Мысалы, мен азаматтық ортада кәсіппен айналыстым. Қалаған уақытыма жатамын, қалаған сәтте оянамын дегендей. Ал қазіргі ортам мүлде өзгеше. Мұнда тәртіп пен дисциплинаға бағынуға тиіссің. Тағам-



ды да уақытылы ішу маңызды рөл атқарады», - деді өңіріне қонған мамықты алақанымен қаға түскен сарбаз.

Осы кезде сөзге оның қаруласы араласа кетті. Табыл Нұрсұлтан есімді қатардағы сарбаз әңгіме үзіліп қалмасын дегендей, досының сөзін тоқтаған жерінен іліп ақтты.

«Армия бір режим қалыптастырып береді. Осы тұрақтылық арқылы өзімді дамытуға, шыңдауға мүмкіндік алдым. Бұрын мен тыйық адам едім. Қазір қаруластарыммен бірге қызмет атқара жүріп, коммуникациямды да түзеп келемін. Бізді көбіне адамдар тек қана құқықбұзушылықты анықтаумен ғана шұғылданады деп ойлайды. Алайда күнделікті қызмет барысында адамдарға қол ұшын созып жататын сәттер болып тұрады. Ол, әрине, шынай қажеттілік барын байқаған сәттерде ғана жасалады. Қалалық тағы бір мектептің жанында шамамен 12 жастағы қыз жылап жүрді. Жанына барып, жағдайды сұрағанда телефонын жоғалтып алғанына айтты. Біз сол мезетте айналыны шолып, қызға тиесілі телефоны жерден тауып бердік. Кейін бізге оның ата-анасы алғыстарын білдірді. Сондай сәтте бекерге қызмет етіп жүрмегеніңді сезініп, өз-өзіңе риза боласың. Бұл – сарбаз үшін бақытты сәт», - деді қатардағы Табыл Нұрсұлтан.

Әдетте Ұлттық ұланның әскери жасағы қала көшелерінде үш сарбаздан бірігіп, патрульдік қызмет атқарады. Мен сөзге тартқан жауын-

герлердің үшіншісі Жанарыс Амангелді есімді азамат екен. Ол сөзге сараң, бірақ ісіне ықтият, жауапкершілігін анық сезіне білетін сарбаз болып шықты. Ол жігітті де сөзге тартып көрдік.

«Әскер дисциплинаны қалыптастыратын, азаматтармен сөйлесуді үйрететін мектеп дей аламын. Мен қызмет барысында баласын жоғалтып алған ата-анаға ұлдарын тауып беруге көмектестім. Олар үшеуі бірге ойын алаңына келген. Ата-анасы әңгімелесіп отырған бір сәтте бала ізім-ғайым жоқ болып кеткен. Шошынған ерлі-зайыпты орындарынан атып тұрып, жан-жақтан баласын іздей бастаған. Біз сол маңда жүрген едік. Жағдайды түсініп, әлгі баланы іздедік. Ізденісіміз жетпелі болды. Бала ересек топқа қосылып, өзге үйдің ауласына қарай өтіп кеткен. Біз оны ата-анасына табыстаған сәтте толқыған ана жүрегінің саябырсыған сәтіне куә болдым. Бұл сәт мені толқытып жіберді. Ана мен әкенің баласы үшін қалай жанұшырғанын көру адамды тебірентеді екен. Ең бастысы оларды қауіп пен үрейден арылта алғанымға қатты қуандым», - деді қатардағы Жанарыс Амангелді.

Жауынгерлік қызмет атқара жүріп, сұрақтарыма жауап берген сарбаздарға алғыс білдіріп, мен де жөніме кете бардым. Аз-кем аялдағаннан кейін әскери жасағы қала көшелерінде үш сарбаздан бірігіп, патрульдік қызмет атқарады. Маған сарбаздардың кезекті іс-әрекеті қандай болатыны

қызықты көрінді. Сондықтан олардан көпке дейін көз алмай қарап тұрдым. Ал олар балаларға арналған ойын алаңы маңындағы орындақта даурығып отырған екі адамға қарай беттеп барады. Сонда ғана түсіндім: манадан жан-жағын зерттеп, зерделей қараған әскери жасақ бастығының көзіне қолына сыра бөтелкесін ұстаған бейтаныс адамдар іліккен екен...

Иә. Құқықтық тәртіп әскерінің 6655 әскери бөлімі елі үшін туған ерен ұлдардан кенде болмаған. Бұған 2016 жылы Ақтөбеде террористер ұйымдастырған шабуыл кезінде ерлікпен көз жұмған қатардағы жауынгер Сапар Досболдың батылдығын айтса да жеткілікті. Ол өз басына қатер төніп тұрса да, содырларға әскери бөлімдегі қару қоймасының қай жерде орналасқанын айтпаған. Ақтық демі қалғанша антына адалдық танытқан Сапар Досболдың есімі Ұлттық ұланның ғана емес, ел тарихына да алтын әріппен жазылды. Міне, осылайша, ұландық сарбаздар ұлтымыздың бүгінгі мен ертеңі үшін аянбай қызмет етіп жүр. Отан ісін үн-түңсіз атқарып жүрген оғылан ұлдарымыздың күш-қуаты арта бергей. Айтпақшы, патша көңілді оқырман жоғарыдағы сауалдың жауабын осы мақаладан тапқан болар деген ойдымын.

Қатардағы
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
Астана-Ақтөбе-Астана



Факты

ЗАДЕРЖАНЫ БОЛЕЕ 14 ТЫСЯЧ НАРУШИТЕЛЕЙ

Как известно, одними из задач наших войск являются участие совместно с органами внутренних дел в охране общественного порядка, обеспечение общественной безопасности, а также осуществление контроля и надзора за поведением лиц, содержащихся в учреждениях уголовно-исполнительной системы.

Так, за 9 месяцев текущего года военнослужащими войск правопорядка при обеспечении охраны общественного порядка выполнено 2652 задач патрульно-постовой службы, принято участие в обеспечении 720 общественно-политических и других массовых мероприятий, а также выполнено 4 задачи при чрезвычайных ситуациях.

Задержано и доставлено в органы внутренних дел 14 280 правонарушителей, из них с признаками преступления 501 человек, при этом взыскано в доход государства штрафов на сумму 19 миллионов 905 тысяч 756 тенге. При несении патрульно-постовой службы изъято: 218 единиц холодного и огнестрельного оружия, произведено 100 фактов изъятия наркотических веществ. Караулами Национальной гвар-

дии обеспечивается охрана 39 учреждений уголовно-исполнительной системы и одного производственного объекта, конвоирование осужденных и лиц, содержащихся под стражей по 9 железнодорожным и 23 автодорожным маршрутам, а также заседаний двух судов – в городах Астана и Шымкент, Военного суда Республики Казахстан, 7 специализированных межрайонных судов, их выездных заседаний в 4 населенных пунктах страны, 5 областных и 5 военных судов, одного специализированного межрайонного военного суда, из 4 следственных изоляторов ДКНБ в судебные учреждения.

Караулами войск предотвращено 6 фактов проникновения осужденных во внутреннюю запретную зону, где в двух случаях оружие

применялось на предупреждение.

За прошедший период с начала года предотвращено 110 фактов переброса запрещенных предметов через основное ограждение из них 7 с применением БПЛА, 25 фактов попыток провоза запрещенных предметов на транспортных КПП, 4 факта проноса запрещенных предметов через людское КПП учреждений УИС, при их совершении задержано 80 гражданских лиц, при этом изъято: 1216 мобильных телефонов, 621 sim-карт, 608 колюще-режущих предметов и холодного оружия, наркотических веществ с общим весом 2287 грамм, 64 литров спирто-содержащих жидкостей, денежных средств на сумму 110 502 тенге и 300 долларов США.

За 9 месяцев т. г. обеспечивалось 9 плановых, 25 автодорожных маршрута конвоирования и судопроизводство в 28 судебных учреждениях. Караулами по конвоированию перевезено около 57 тысяч осужденных и лиц, содержащихся под стражей,

в том числе обеспечено свыше двух тысяч судебных процессов. Трижды организовывалась конвоирование на воздушных судах – лиц, содержа-

щихся под стражей и находящихся на особом контроле.

Пресс-служба
Национальной гвардии РК





ПОГОНДАҒЫ ӨМІР: АРМАННАН МАҚСАТҚА АПАРАР ЖОЛ

Барлығымызға белгілі, әскери өмір — жай ғана қызмет емес, ол жүректегі адалдық пен намыстың, ерік-жігер мен төзімділіктің сыңға түсетін алаңы. Бұл жол адамды шыңдайды, оны нағыз азамат етеді. Мұнда бәрі — күнделікті тәртіп, үздіксіз дайындық пен елге қызмет етуге деген берік ниет арқылы қалыптасады. Еліміздің әрбір ер азаматы бұл жолдан өтуі тиіс. Кейбірі сарбаз ретінде елін қорғаса, енді бірі әскери қызметті өмірінің басты мұратына айналдырады. Әскери өмірді таңдаған әрбір азамат алыс көкжиекке көз тігеді. Алайда бұл жолдың биігіне санаулылар ғана жете алады. Бұл — қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденістің, өз ісіне деген шексіз берілгендіктің жемісі. Бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерде дәл осындай өз ісіне адал, жауапты азаматтар қызмет етуде. Солардың бірі — 6505 әскери бөлімінің командирі, полковник Мақсат Қырғызбаев. Бұл офицердің өмір жолы — ерік-жігер мен табандылықтың жарқын үлгісі. Ол әскери салада үлкен тәжірибе жинақтап, талай жас сарбазға үлгі бола білді. Қызмет барысында алған білімін, жинақтаған тәжірибесін Отан қауіпсіздігін нығайтуға арнаған нағыз кәсіби маман. Осы орайда, біз 6505 әскери бөлімінің командирі Мақсат Қалиұлымен сұхбаттасып, оның өмір жолы мен әскери қызмет барысындағы қызықты сәттер туралы білуге тырыстық. Төменде сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



- Мақсат Қалиұлы, алдымен өзіңіздің өмір жолыңыз жайлы айтып өтсеңіз. Балалық шағыңыз қалай өтті? Қай өңірде дүниеге келіп, мектеп табалдырығын қай жерде аттадыңыз?

- Мен 1978 жылы 18 сәуірде Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Тау түрген ауылында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келдім. Әкем жылқышы болып еңбек етсе, анам ауыл мектебінде мұғалім қызметін атқарған. Отбасында үш ағайынды болдық; менен үлкен ағам және кенже інім бар. Біз бауырлар ретінде әрдайым тату-тәтті, бір-бірімізге тірек болып, өзара қолдау көрсетіп өстік. Бала күнімнен әкемнің шаруашылығына қолғабыс жасап, еңбекке ерте араластым. Сол кезден бастап жауапкершілік пен тәртіпке баулындым десем артық емес. Әскери қызметке деген қызығушылығым да бала кезден басталды. Теледидардан әскери шерулерді, әскери өмір туралы фильмдерді қызыға қарап, болашақта өзімді сол саладан елестететінмін. Бастауыш және негізгі білімді туған ауылымдағы мектепте алып, 8-сыныпты 1993 жылы аяқтадым. Сол жылы бала арманымды жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық әскери мектепке оқуға түстім. Бұл — менің өмірімдегі маңызды бетбұрыс болды. Мектеп қабырғасында тек оқу мен тәртіпке ғана емес, сонымен қатар спортқа да ерекше мән бердім. Өз денемді шынықтырып, салауатты өмір салтын ұстануға тырыстым. Бұл әдеттер кейін әскери өмірімде көп көмегін тигізді. Спортпен айналысу мені тәртіпке, табандылыққа және жеңіске деген ұмтылысқа үйретті.

- Расымен де ауылда өскен баланың денесі шымыр, табиғатқа жақын, көп жағдайға бейім болып келеді. Қуантатыны — сіз сол қасиеттерді мектеп қабырғасында тиімді пайдаланып, өзіңізді үздіктер қатарынан көрсете біліңіз. Ендеше, мектепті аяқтаған соң қандай оқу орнына түстіңіз?

- Мен 1996 жылы мектеп қабырғасын аяқтап 1997 жылы, Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскери училищесіне оқуға түстім. Бұл — мен үшін маңызды әрі жауапты кезеңнің бастауы болды. Училищеде мен Ішкі істер факультеті бойынша білім алдым. Мектепте жинаған білімді, әскери мектепте қалыптасқан тәртіп пен дайындық бұл жерде де өз жемісін беріп, оқу барысында өзіндік артықшылығымды көрсете алдым. Білім алумен қатар, оны тәжірибеде дәлелдеуге де ерекше мән бердім. Сабақтағы теориялық білімді жаттығу алаңында, атыс пен тактикалық дайындық барысында нақты нәтижемен көрсетіп отырдым. Бұл маған оқытушылар мен командирлер тарапынан оң баға алуға мүмкіндік берді. 2001 жылы әскери училищені сәтті тәмамдап, офицерлік шен алып, кәсіби қызметке жолдама алдым. Ең қызығы, мен түскен жылы оқу орны әскери училище мәртебесінде болған еді, ал мен оны аяқтаған сәтте ол Академия болып қайта құрылды.

Бұл өзгеріс те менің әскери жолдағы алғашқы қадамдарымның тарихи тұстарымен тұспа-тұс келіп, есімде ерекше сақталып қалды.

- Әскери оқу орнын аяқтаған соң алғашқы әскери қызметіңізді қай жерде бастадыңыз?

- Әскери оқу орнын тәмамдаған соң, алғашқы офицерлік қызметімді Алматы облысы, Қаракерем кентінде орналасқан 6654 әскери бөлімінде взвод командирі ретінде бастадым. Бұл әскери бөлім мен үшін ерекше ыстық. Себебі, мектеп оқушысы кезімде дәл осы бөлімге ұйымдастырылған экскурсиялар менің әскери салаға деген қызығушылығымды оятқан болатын. Сол себепті алғашқы қызметімді дәл осы бөлімде бастау — мен үшін үлкен мәртебе әрі тағдырдың бір сәтті сыйы деп білемін. Взвод командирі қызметін абыроймен атқарып, өзімді жақсы қырларымнан көрсете білдім. Нәтижесінде, жоғары басшылықтың сенімімен рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалдым. Бұл кезең менің кәсіби және тұлғалық дамуыма үлкен серпін берді. Қажетті білім мен тәжірибе жинағаннан кейін, көп ұзамай рота командирі лауазымына тағайындалдым. Әр қызмет сатысы мені жаңа биіктерге жетелеп, офицерлік жолда шыңдай түсті. Бірнеше жыл ішінде осы бөлімде түрлі лауазымдарда қызмет атқара отырып, батальон штабының бастығы, кейіннен батальон командирі қызметтерін атқардым. Осылайша, мен 6654 әскери бөлімінде взвод командирінен бастап батальон командиріне дейінгі барлық сатылардан өттім. Бұл бөлім — менің әскери қызметімнің берік іргетасы қаланған, тәжірибем мен кәсіби шеберлігім қалыптасқан мекеме болды. Кейін жоғары басшылықтың қолдауымен Қызылорда қаласында жаңадан құрылып жатқан 5547 әскери бөліміне бөлім командирінің орынбасары лауазымына тағайындалдым. Бұл бөлімде мен 2 жыл қызмет атқардым. Айта кетерлігі, мен бұл әскери бөлімге келгенде ол енді ғана құрылу үстінде болатын. Сондықтан бөлімнің қалыптасуына, құрылымының орнығуына, жауынгерлік даярлық деңгейінің көтерілуіне тікелей атсалыстым. Қызмет барысында білімді әрі қарай дамыту қажеттілігін сезініп, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Құрлық әскерлері әскери институты-

на (Шучинск қаласына) магистратураға оқуға түстім. 2013 жылы магистрлік дәрежені алып шыққан соң, Қостанай қаласындағы 6697 әскери бөлімге бөлім командирінің бірінші орынбасары — штаб бастығы лауазымына тағайындалдым. Бұл жерде де шамамен 2 жыл қызмет атқарып, құнды тәжірибе жинадым. Кейіннен өзім бұрын қызмет еткен әрі ерекше жақын тартқан 5547 әскери бөліміне осы жолы бөлім командирі ретінде қайта оралдым. Бұл бөлімнің қалай құрылып, дамығанын көзіммен көріп, сол жолда еңбек еткендіктен, бұл лауазым мен үшін өте маңызды болды. Қызылордада 5 жыл бойы әскери бөлімді басқарып, оның нығайтуына бар күш-жігерімді жұмсадым. Бұдан кейін менің қызмет жолым астанада жалғасты. Аталған кезеңде мен елордада орналасқан бригадалардың бірінде штаб бастығы қызметін атқарып, одан соң Қазақстан Республикасы Қорғаныс университетінің Бас штаб факультетін тәмамдадым. Бұл — менің әскери мансабымдағы тағы бір маңызды белес болды. Оқуымды аяқтағаннан кейін, «Орталық» өңірлік қолбасшылығы штабы бастығының орынбасары — жауынгерлік қызмет басқармасының бастығы лауазымына тағайындалдым. Бұл лауазымда бір жыл қызмет атқарып, өңірлік деңгейдегі жауапты міндеттерді атқардым. Ал бүгінде мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты 6505 әскери бөлімінің командирі қызметін атқарып келемін. Бұл — үлкен сенім әрі зор жауапкершілік. Жауынгерлік даярлықты арттыру, тәртіп пен тәрбие жұмысын жүйелеу, бөлімнің кәсіби әлеуетін көтеру — басты мақсаттарымының бірі.

- Әр қалада, әр бөлімде қызмет атқарып, түрлі лауазымдарда өз біліктілігіңізді шыңдап, бүгінгі дәрежеге жету — үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Әрне, командир болу — аса жауапты міндет. Осы орайда айта кетсеңіз: командирлік лауазымда өзіңізге қандай мақсаттар қоясыз? Жалпы, командир болу сіз үшін нені білдіреді?

- Әрине, бір әскери бөлімнің командирі болу оңай емес. Командир ретінде сіз барлық бағыт пен бағдарға жауапты боласыз. Қазіргі кезде әскердегі ең құнды нәрсе — адамның өмірі. Сондықтан мен ең бірінші кезекте өз сарбаздарымның амандығына мән беремін. Олардың денсаулығының жақсы болуы, киімдерінің бүтіндігі және қарнының тоқ болуы мен үшін ең маңызды әрі бірінші орында тұрған міндеттер. Мерзімдік әскери қызметке келген жас сарбаздарды ата-аналарына аман-есен қайтару — менің басты мақсатым. Әрбір сарбаздың жан дүниесі мен отбасының тыныштығы мен үшін аса маңызды. Ал 6505 әскери бөлімі еліміздегі жалғыз айдауылдап алып жүруге бағытталған құрылым. Біздің қызмет аймағымыз кең: Қарағанды, Ұлытау және Ақмола облыстарын қамтиды. Осы өңірлерде жалпы тоғыз түзету мекемесін құзетумен айналысамыз. Қызмет көлемі өте ауқымды, күн сайын сарбаздарымыз әртүрлі бағытта қызметке шығады. Осы себепті біздің жұмысымыз бейбіт уақытта да аса жауапты әрі маңызды.

Елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету — біздің басты міндетіміз. Сонымен қатар, бөліміміздің құрамында бірнеше жеке орналасқан бөлімшелер бар. Олар Қарабас, Қарағанды, Долинка, Агро-қалашық, Аршалы кенттерінде және Жезқазған қаласында орналасқан. Бұл бөлімшелер де өз кезегінде еліміздің қауіпсіздігін нығайтуға үлес қосуда. Жалпы алғанда, қызметіміздің ауқымы мен жауапкершілігі өте үлкен, сондықтан сарбаздарымыздың кәсіби дайындығы мен адамгершілік қасиеттеріне ерекше көңіл бөлемін.

- Әскери салада ұзақ жылдар бойы қызмет еткен соң, сіздің өзіңізге пір тұтатын, үлгі тұтатын адамыңыз бар шығар. Осы туралы айтып берсеңіз, ол кім және оның сіздің өміріңізге қандай әсері болды?

- Айта кететін болсам, мен әскери салада 25 жылдан астам уақыт қызмет еттім. Осы кезең ішінде көптеген жақсы командирлермен бірге қызмет атқардым. Сондықтан қорыта айтсам, әскери өмірімде маған тамаша командирлер кездесті. Әрқайсысынан өзіме қажетті біліктілікті, құндылықтарды және тәжірибені ала білдім. Бұл менің офицерлік жолымдағы ең үлкен байлықым деп санаймын.

- Иә, расымен де бұл уақыт аралығында көптеген білікті офицерлермен қызмет атқарғаныңыз көрініп тұр. Сол тәжірибеніңіз арқасында сіз 2 әскери бөлім командирі болып отырсыз. Ал, командир болған сәтте қандай қиындықтарды бастан кешірдіңіз және оларды қалай жеңдіңіз?

- Ең алғашқы командирлік тәжірибем келер болсам, Қызылорда қаласында орналасқан 5547 әскери бөлімі жаңадан ашылған еді. Жаңадан құрылып жатқан бөлімді аяққа нықтап, оны тұрақты әрі тиімді қызметке бағыттау оңайға соқпады. Көп қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, ұжыммен бірлесіп, бірлік пен тәртіпті нығайтып, бөлімді дамытуға барымды салдым деп айта аламын. Ал 6505 әскери бөліміне келгенде, бұл жерде күнделікті жауынгерлік қызметтің күрделілігі мен қарбаласы айқын сезіледі. Әсіресе, алғашқы кезеңдерде қызметті бақылау мен ұйымдастыру қиындық туғызды, бірақ уақыт өте келе осы жұмыстарға үйренісіп, барлық жауапкершілікті өз мойныма алып, тиімді басқарудың жолдарын меңгердім. Сонымен қатар, күзететін түзеу мекемелерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқадым. Әр мекеменің жұмыс тәртібі, қауіпсіздік шаралары және қызметкерлердің қажеттілігі әртүрлі болғандықтан, сол ерекшеліктерге тез бейімделіп, нақты



жағдайға сай шешім қабылдау қажет болды. Бұл менің кәсіби дамуым мен командирлік шеберлігімді одан әрі жетілдіруге үлкен септігін тигізді.

- Ал енді әскери саладан бөлек сіздің отбасыңыз туралы сөз қозғасқыз?

- Отбасым туралы айта кетсем, жан-жарымның есімі — Дидар Базарқұлқызы. Біз бір ауылда өстік, дегенмен ол меннен 5-6 жасқа кіші болатын. Мектеп кезімде ол маған кішкентай қыздай көрінетін, бірақ жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға келгенімде оның бойжетіп, ересек қызға айналғанын байқадым. Сол кезден бастап аралас-құралас болып, сөйлесе бастадық. Нәтижесінде, капитан әскери шеніне жеткен кезде жан-жарымды өмірлік серігім етіп алдым. Қазіргі сәтте бізде екі ұл, екі қыз бар. Бұрын жан-жарым менімен бірге 5547 әскери бөлімінде әскери қызметкер ретінде қызмет етті. Алайда мен магистратураға түскен кезде ол жұмыстан шығып, жанымда бірге болды. Қазір ол азаматтық салада қызмет атқарады. Балаларыма келер болсам, үлкен ұлым Астана қаласында студент. Себебі, менің әскери қызметте болуыма байланысты балаларым менімен бірге әртүрлі қалаларға көшіп-қонып, бек мектеп ауыстырды. Сол себепті, Астана қаласына қызмет бабымен келіп, пәтерлі болған кезде, ол сол қалада қалуды жөн көрді. Мен әскери өмірде де, отбасымда да ұстанатын қағидаларым бірдей. Балаларымды тәрбиелеуде ең бірінші, әкемнің маған үйреткен үш негізгі ұстанымын әрдайым ұмытпаймын: біріншіден, ешкімнің ала жібін аттама; екіншіден, өтірік айтпау; және үшіншіден, қолымнан келсе, басқа адамдарға көмек көрсету. Осы қағидалар арқылы мен балаларымның бойына адалдықты, жауапкершілікті және адамгершілікті сіңіргім келеді.

- Осылайша біз сізбен сұқбатымыздың соңына таяп қалдық. Сөз соңында жас офицерлерге берер кеңесіңізді айтып берсеңіз?

- Қазір қарап отырсақ, көптеген жас жетістікке тез жеткісі келеді. Білмеймін, бәлкім, бұл заман талабы шығар. Дегенмен жетістік тез қол жеткізетін зат емес. Сондықтанда қызметті адал атқару керек және өзінің мақсатына нық қадам басуы қажет. Бастысы айтарым ерінбей қызмет атқарып, өзін көрсетіп, біліктілігін арттыруы тиіс. Ең бастысы — мақсат айқын болғаны жөн.

- Сұқбатыңыз үшін көп көп рақмет. Осындай пайдалы кеңестерді біздің жас офицерлер қолданады деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, полковник Мақсат Қырғызбаевпен болған сұхбат бізге әскери өмірдің мәні мен маңызын тағы бір айқын көрсетті. Оның өмір жолы — табандылықпен, Отанға деген шексіз махаббаттың және борышқа адалдықтың жарқын үлгісі. Әр сөзінен өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен үлкен жауапкершілігі айқын байқалады. Бұл сұхбат тек бір адамның ғана қызмет жолы емес, тұтас бір әскери ұжымның намысы мен абыройының көрінісі болып саналады. Мақсат Қырғызбаевтің еңбегі мен адалдығы Ұлттық ұланның беделін көтеріп, ел қауіпсіздігіне сенімді келілі ретінде қалыптасуына зор үлес қосатыны сөзсіз. Оның бойындағы кәсіби шеберлік пен адамгершілік қасиеттері жас ұрпаққа өнеге болып, еліміздің қорғаныс саласында қызмет етудің маңыздылығын тағы да бір мәрте дәлелдеді. Болашақта да оның бастамалары мен жетекшілігі арқасында ұлттық ұланның әскери әлеуеті одан әрі нығайып, ел тыныштығы мен тұрақтылығы мызғаймайтын болар деп сенеміз.

**Аға лейтенант
Бақдәулет МАНАРБЕК,
Қарағанды қаласы**



ПОЛКОВНИКУ В ОТСТАВКЕ МЕЗИНУ ВАСИЛИЮ ЯКОВЛЕВИЧУ 85 ЛЕТ!

В Совете ветеранов регионального командования «Оңтүстік» состоит около 2000 ветеранов и многие из них, несмотря на свой возраст, вносят свою посильную лепту в военно-патриотическое воспитание личного состава воинских частей Алматинского гарнизона.

И сегодня, мы хотели бы рассказать о ветеране войск правопорядка – полковнике в отставке Василии Мезине. Недавно ему исполнилось 85 лет!



Василий Яковлевич родился 15 сентября 1940 года, в многодетной семье в селе Степок Аккольского района Акмо-

был призван во Внутренние войска и переступил порог КПП воинской части 7552 города Алматы, в которой

воинской части 7552 и Управлением внутренних войск по КазССР был направлен в Саратовское военное командное училище МВД СССР на экстернат и окончил его уже в апреле 1966 года. Молодым лейтенантом я прибыл в родной полк в город Алматы для прохождения дальнейшей службы.

В апреле 1966 года после окончания Саратовского военного командного училища имени Дзержинского, началась биография офицера-политработника – Василия Мезина. Судьба распорядилась таким образом, что приходилось менять регионы и разные партийно-политические должности во Внутренних войсках МВД СССР по Казахстану и Средней Азии – заместитель командира роты по политчасти воинской части 7552 (г. Алматы), инструктор партполитаппарата воинской части 6697 (г. Костанай), заместитель командира воинской части 5451 (г. Кара-

1990 года, но его активная общественная деятельность на благо войск продолжалась и продолжается до настоящего времени. Уволившись в запас, два года работал начальником филиала Центрального музея ВВ МВД СССР по Республике Казахстан, в последующем – 12 лет в Военном институте КНБ РК работал старшим преподавателем тактики ВВ на кафедре специального факультета Внутренних войск по подготовке офицеров для Внутренних войск МВД РК, а затем старшим преподавателем-методистом в учебно-методическом управлении ВИ КНБ РК. За этот период было подготовлено и выпущено при нем более 700 офицеров для ВВ МВД РК.

